

Ол – біздің ақынымыз, ол – біздің мақтаншымыз

Қазақтың қара өлеңіне, оның қадір-қасиетіне, таным-тағылым деңгейіне теңдессіз үлес қосқан, ел тарихын



өлең-жыр тілімен кестелеуде қарымды қабілет танытып, қасірет күйін шертіп өткен шежірелі тұлғалардың бірі, Сарыарқа жыршысы - Қайып Айнабеков болатын.

Биыл халық ортасынан шыққан, көрнекті талант иесі, ақын-жерлесіміз Қайып Айнабековке 130 жыл толып отыр. Осыған орай орталық кітапханада 6-7 тамыз аралығында «Жазғы оқу залы» акциясы аясында «Ол – біздің ақынымыз, ол – біздің мақтаншымыз» атты әдеби марафон өткізілді.

Шара барысында «Көненің күмбезі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, кітапхана қызметкерлері ақынның өмірі мен шығармашылығымен таныстырды. Көрмені келіп тамашалаған кент тұрғындарына ақынның өлеңдерін дауыстап оқу ұсынылды.

Ақын Қайып (шын аты Қайыпберді) Айнабеков 1885 жылы сәуір айында Көбетей ауылында шағын шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесінен жастай айырылған Қайып өмірдің талай тауқыметін өз басынан кешіреді. 1918 жылдардан бастап елдің әлеуметтік өміріне белсене араласады. Өзінің туған інілері Жақия, Салық және жерлестері Абдолла Асылбеков, Хамзе Жүсіпбеков, Тұрысбек Мыңбаев, Әшім Омаровтармен бірге Ақмола Совдепінің жергілікті ұйымдарының істеріне барынша ат салысады, Облыстық (уездік) аудандық

Көкмөлдірде ұйымдастырушылық қызметтер атқарып, кейін өздері сонда қоныс аударған.

Ақын өзінің алғашқы өлеңдерін 1905 жылдардан-ақ жазу бастады. Өйткені бұл жылдары бүкіл Россияның, оның шет аймақтарының бірі болып есептелген Қазақстан өмірінде де елеулі оқиғалар болды.

Патша үкіметінің шектен асқан отаршылдық саясаты, би-болыс, бай-молдалардың қарапайым халыққа көрсеткен озбырлықтары, шаруаның ауыр жағдайы, әйел теңсіздігі – міне, осылар сияқты ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздіктер жас Қайыптың жүрегіне жара салып, ойын қозғайды. Бұрын ел ішінде «Әнші Қайып», «Қайып сал» атанып, тек табиғатты, махабатты, жастықты, достықты жырласа, енді әлеуметтік тақырыптарға қарай ойыса бастайды.

Ел ішіндегі болып жатқан өзгерістер мен табыстар қарт ақынды қатты қуантады.

Ақын қарапайым халықты жаңа дәуірде жаңаша өмір сүруге, жаңаша тұрмыс құруға, тынымсыз өрге өрлеуге шақырады. Жаңа орнаған үкімет халқына тек қана жақсылық пен құт әкеледі деп сенген көп ақын-жазушылардың жолын Қайып та ұстанады.

Қайып Айнабеков 1921 жылы Орынбор қаласында өткен Советтердің Бүкілқазақстандық II съезіне Ақмола уезінен делегат болып қатысады. 1923 жылы Москвадағы болып өткен Бүкілодақтық Көрменің қазақ бөлімінде қылқобызда ойнап, өнер көрсетеді. Ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы 1928 жылы «Қырдың қызыл гүлдері» деген атпен Алматыда басылып шықты. «Тілеу ниетім», «Азат құс» және басқа да өлеңдері ақынның саяси бағытының дұрыстығын танытады.

Сол уақытта, өмірде болып жатқан үлкенді-кішілі оқиғалардың қайсысына болсын ақын өзіндік үнін қосып отырған десек, асыра айтпаймыз.

1943 жылы Қайып Айнабеков

жылы жарық көрді. Бұл кітапқа ақынның өлеңдерімен қатар мақал-мәтелдері, дастандары да енген.

Ақынның ірі туындыларының бірі - қазақ қызының бас бостандығына ұмтылған, шерлі өмірін жыр еткен «Қолаң» атты дастаны. Бұл – махаббат трагедиясы. Ол Нұра өңірінде ертедегі Қарауыл, Алшын, Қыпшақ рулары арасындағы бай-билер тартысын бейнелейді. Осы тартыстың кесірінен екі жас қаза болады.

Ақынның азаматтық лирикаларында ерлік пен мейірімділік, ұлттар достығы мен Отанға деген сүйіспеншілік сезімдері де баршылық. Кешегі өткен Ұлы Отан соғысы жылдарында жазылған өлеңдерінде жауынгерлеріміздің тілегі мен қуанышы да, күйініші мен сүйініші де

енгендігі аян. Қайып ақын да о баста осыған халқымызбен бірге үн қатты, сол ұлы іске қуанышпен араласты. «Тың көтерген жастарға», «Көктем айы» сияқты өлең-жырлары осының айғағы.

Қайып Айнабеков шығармаларының негізгі бір идеялық арқауын құратын - халықтар достығы. Қазақ халқының орыс халқымен және басқа да туысқан халықтармен достығын қуаттап, ақын татулықты, достықты жырлаған.

Ақынның творчествосында ең мол жырланған тақырыптардың бірі – көмір алыбы Қарағанды туралы. Отызыншы жылдары Қарағанды шахтасында жұмыс істеген ол, біраз өлеңдерін шахтерлердің өміріне, ауыр еңбегіне арнайды: «Көмір», «Өрендер



бар.

Ақындық ыстық сезім даңқты бағыттарымыз Нүркен мен Мартбекке арнаған өлеңдерінен көрінеді.

Бір сыпыра өлеңдерінде ақын тылдағы ел адамдарының жан қиярлық еңбегін суреттейді. 1944 жылдың желтоқсанында жұмысқа қосылған Қазақ металлургия заводында да, бейбітшілік ұранында да, ақын Жеңіс күніне арнаған өлеңдегідей қуанышты шабытпен жырлайды.

Қ.Айнабеков сонымен бірге айтыс ақыны. Ол Ұлы Отан соғысы жылдарында көптеген игілікті істерге белсене араласқан. Қарағанды ақындарының 1943 жылғы алғашқы айтысын бастаған осы Қайып болатын.

Ақынның осындай еңбегін академик-жазушымыз Ф.Мүсірепов жоғары бағалаған: «Айтыс – ақындар қатарын мөлітте түсуге де, екшеуге де жол ашып отыр. Бұл күнге дейін қалтарыста қалған Қ.Айнабеков сияқты ақындарымыз Қарағанды айтыстарының үстінде өздерін жұртқа көрсете алды. Шашубайға төтеп бере алған Көшен, іргелі ақын Сәби мен Ілиясты жеңген Қайып бұл айтыстарға дейін көріне алмай, елеусіз жүріп еді», - деп жазған.

Ақынның егін жайлы, тың жерді игеру туралы жазғандары да өз алдына бір сала. Тың және тыңайған жер дегеніміз - үкен, қадірлі қазына, берекелі дүние болып өмірімізге берік

гүлдер самғасын», «Мақтан етем», «Шахтерлер серті», т.б.

Қайып Айнабеков қазақ әдебиетінің негізін қалаушыларының бірі, ұлы ақын Сәкен Сейфуллинмен тығыз байланыста болып, Сәкен тарапынан шығармашылық қолдау көріп отырады.

Атақты жерлестеріміздің бірі - әдебиетші-ғалым Сәйді Талжанов «Өткен күндер сөйлейді» деген шағын кітабында айдаудан алғаш 1947 жылы қадірлі ағасы Қайыптың үйіне іздеп барып, оның ұлағатты сөздерін қағазға түсірдім деп жазған. Сөйтіп, тәрбиелік мәні зор көптеген әңгімелер енген, «Қайып қарттың әңгімелері» атты кітапша шығарады.

Нұралық талантты ақынымыз Қабыкен Мұқышев та Қайыпты тәлімгер, ақылшы, қамқоршы ұстаз деп жоғары бағалаған.

Ақын, ғалым Бүркіт Ысқақов Қайыптың туғанына 105 жыл толуына орай республикалық басылымда шыққан мақаласында «Қарағандылық халық ақыны Қайып Айнабеков өзіндік өлең өрнегі, суреттеу мәнері бар ерекше дарын иесі еді» деп тебірене жазған.

Қазақ ССР-нің халық өртісі А.В. Затаевич өзінің «Қазақ халқының 1000 ән-күйі» деген жұртшылыққа кеңінен белгілі жинағында Қайып Айнабековтің әншілік талантына қатты риза бола отырып, оны жоғары бағалайды.

Қайып Айнабеков 1955 жылы қаңтар айында, 70 жасында қайтыс болды. Ақынның артында айтулы әдеби мұра қалды. Осы мұраны оқушы жұртшылығымыздың кәдесіне жарата білу - біздің парызымыз.



(болыстық) Кеңестерде жауапты қызметтер атқарады. Ол 1925-1927 жылдары Ақмола уезінің Нілді болысы, 1928 жылдары біздің аудан құрылғанда өзімізде біраз уақыт болыс болған. Қайып, Жақия Айнабековтер алғашқы аудан орталығы болған

Қазақстан Жазушылар одағына мүше болды. Оның таңдамалы шығармалары «Өлеңдер» деген атпен 1951 жылы басылып шықты. Қарт ақын қайтыс болған жылы Асқар Тоқпановтың құрастыруымен «Шығармалар» атты жинағы 1955